

К 81
С 11

Н РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТЕК УНИВЕРСИТЕТИ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ВОСТОЧНО-КАЗАХСАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ

**С.Аманжоловтың фылыми мұрасы
және XXI ғасырдағы
гуманитарлық фылымдар мәселелері**



Халықаралық
фылыми-практикалық
конференциясының
материалдары
Қазақстан, Өскемен,
6-7 қазан, 2003 жыл

**Научное наследие С.А. Аманжолова
и проблемы гуманитарных наук XXI века**

Материалы
Международной
научно-практической
конференции
Усть-Каменогорск, Казахстан,
6-7 октября 2003 года



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң БЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Восточно-Казахстанский государственный университет

**С. АМАНЖОЛОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ XXI ФАСЫРДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕЛЕРИ**

*Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары
Өскемен, Қазақстан, 6-7 қазан, 2003 жыл*


**НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ
С. АМАНЖОЛОВА И ПРОБЛЕМЫ
ГУМАНИТАРНЫХ НАУК XXI ВЕКА**

*Материалы Международной научно-практической конференции
Усть-Каменогорск, Казахстан, 6-7 октября 2003 года*

Главный редактор - академик МАН ВШ А.А. Абжапаров



Өскемен • Усть-Каменогорск
ШКМУ Баспасы • Издательство ВКГУ
2003



ББК 81.2-03

C 28

C 28 С.Аманжоловтың ғылыми мұрасы және XXI ғасырдағы гуманитарлық ғылымдар мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - ШҚМУ. – Өскемен: ШҚМУ Баспасы, 2003. – 490 бет.

ISBN 9965-687-46-3

Жиынтау казак тілінің тарихы мен диалектологиясын зерттеуші, ғұламағалым, белгілі түркістаншы, филология ғылымдарының докторы, профессор Сәрсен Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойна арналған «С. Аманжоловтың ғылыми мұрасы және XXI ғасырдағы гуманитарлық ғылымдар мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары қамтылған (казак, 2003 ж.).

Еңбекте С. Аманжоловтың ғылыми мұрасы және казак филологиясының өзекті мәселелері, түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи зерттеуі; түркі халықтарының тарихы және этникалық құрамының зерттелүс; Казакстан тарихы және қазіргі кезең; мектеп пен тілдердің өзара қарым-катьнас мәселелері сиякты бағыттарда макалалар мен тезистер тоңтастырылған.

Жиынтау ғылыми қызметкерлерге, аспирантар мен магистранттарға, ғылыми бағытта белгелүүлөргө, тіл-әдебиет мамандарына және жалпы оқырмандарға арналған.

Редакция алқасы:

Бас редакторы - ЖМ XFA академигі, техн. ғыл. д-ры, проф. Ә.Ә. Эбжаппаров

Бас редактордың орынбасары - филол. ғыл. д-ры, профессор А.С. Аманжолов

Ғылыми хатшысы - филол ғыл. канд., доцент С.К. Оразалин

Басын шыгаруға жауапты - С.А. Исламова

Редакция алқасының мүшелері:

М.С. Баптилов, профессор; Н.М. Темірбеков, ф.-м. ғыл.д-ры, профессор;

Ф.Ш. Оразбекова, филол. ғыл. д-ры, профессор; Каржаубай Сартқожа, Л.Н. Гумилев атындағы Еурасия Улттық университеті, ғылыми зерттеу орталығының аға ғылыми киынметтері; В.А. Кудрашева, филол. ғыл. д-ры, профессор; К. Шаяхметов, филол. ғыл.канд.; Ж.Д. Назбисек, филол. ғыл. д-ры, профессор; Ф.Р. Ахметжанова, филол. ғыл. канд. – ШҚМУ профессоры; Л.И. Абдуллина, филол. ғыл.канд., доцент;

Ж.К. Еңсебаева филол. ғыл.канд.; Ш.К. Күрманбаева, филол. ғыл.канд., доцент;

Б.Н. Байаров, филол. ғыл.канд., доцент; А.Ш. Жилкубаева, филол. ғыл. канд.,

ШҚМУ профессоры.

**С 4601000000
00(05) – 03**

ISBN 9965-687-46-3

ББК 81.2-03

© Издательство ВКГУ, 2003

УДК 811.512.122

Әбжаппаров Ә.Ә.

ШҚМУ ректоры,

техникағылымдарының докторы, профессор

ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ С.АМАНЖОЛОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

Егеменді еліміздің бүгінгі қол жеткен биігіне, жүріп өткен тарихи жолына көз жіберсек, оның ұлттық ғылымы мен білімінің дамуы мен қалыптасу жолы біркелкі болмағандығын, талай-талай «тар жол тайғақ кешуден» өткендігіне күә боламыз. Сол ұлттық ғылымының ірге тасын қалауда мәндай терін төккен, әр түрлі деңгейдегі керегар пікірлерге жонарқасын төсеген қадау-қадау аға ұрпақ өкілдері, кесек тұлғалар көзге түседі.

Солардың бірі өзіміздің жерлесіміз, қазақтың көрнекті ғалымдарының бірі, белгілі түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, Қазақ ССР Ғылым академиясының мүшес-корреспонденті, профессор, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының (казіргі университет) кафедра менгерушісі болған, Ғылым академиясы Тіл және әдебиеті институты терминология бөлімінің менгерушісі қызметін атқарған Сәрсен Аманжолұлы Аманжолов (1903-1958 жж.) еді.

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалауға атсалысқан жерлес ағамыздың өмір жолына үңіле отырып, сан түрлі соқпақты ғылым жолымен бірге аса жауапты қоғамдық қызметті қатар алғып жүргенін көреміз. С.Аманжолов - көрнекті қоғам қайраткері, ұйымдастырушы басшы ретінде республикамыздың мәдени өмірінің көркеюіне күш қайратын жұмсаған айтулы азаматтардың бірі.

С.А.Аманжолов алғаш рет ғылым кандидаттығы дәрежесін алған қазақ ғалымы. Ғылым академиясының қазақ филиалының тіл және әдебиет бөлімін басқарып отырган жерінен қан майданға аттанып, төрт жыл бойы Кенес армиясы қатарында, нағыз соғыстың өтінде жүріп қайтады. Сол жылдарда қоғамдық-саяси жұмыстарға белсene араласып, жауынгерлер арасында саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізеді, Кенес Одағының батырлары

жөнінде акпараттар жариялад, қазақ тілінде "Қызыл армия үгітшісі блокнотын" шығарады. Соғыс бітісімен, көп ұзамай дара туган дана ғалым 1948 жылы Москвада "Қазақ диалектологиясының негізгі мәселелері" атты докторлық диссертациясын қорғап шығады.

Ғалым қазақ тілі мен тарихы жөнінде бір қатар оку құралдарын жасады, қазақ жазуын реформалау жобасының авторы болды; оның қаламынан көлемі 500 баспа табак мөлшерінде 200-ден астам ғылыми еңбек туды.

Айтулы ғалым алғашқылардың бірі болып қазақ мақалдары мен жұмбактары, «Бөгенбай батыр» жинақтарын шығарды. Сондай-ақ, үлкен қазақ сөздігін жасауға басшылық етті. 1939-1940 жылдары С.Аманжоловтың жетекшілік етуімен қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың толық шығармалар жинағы басылып шықты.

Конференцияға дайындық барысында ғалымның естеліктерінің арасынан оның орталық комитетке жазған хаты табылды. Онда қазақ тілінің тағдыры жайында батыл пікір айтылады.

Елімізде тың жорығы басталған тұста қазақ тілінің кемсітушілікке душар болып, оның мектептер мен оку орындарының жоспарларынан қыскартылуы қандай қасіретті жағдайға алып баарын ғұлама ғалым алдын-ала көрегендікпен болжап білген еді. Осыдан кейін ол Республика басшылары П.К.Понамаренко мен Л.И.Брежнев жолдастарға жолдаған хатында былай деп жазды: «Егер де жолдастардың дегеніне бас шүлғыр болсақ, онда бірнеше жылдар өткен соң ана тілінде таза сөйлейтін сауатты қазақтарды табу мүмкін болмай қалады екен. Сөйтіп, тек қазақ тілі ғана емес, қазақ әдебиеті, тіл өнерінің дамуы, тоқтар еді ал ол дегеніміз барша қазақтың ұлттық мәдениетінің ілгері басуы тоқтап қалмақшы деген сөз...». «Қазақ тілін оқып-үйрену құр босқа қаржы мен уақыт жұмсау емес, Қазақстанда қазақ тілін үйрену жеке адамның қаракан басының жұмысына жатпайды бұл бағыттағы жұмыс арнайы жоспарланып, тиісті қаржы-құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс», - деп сол кездегі Қазақстанның партия, мемлекет басшыларына ешбір тайсалмастай жазды. Бұл қазақ тілінің болашак тағдыры тебіренткен ғұлама ғалымның кезекті науқандық, даурықпа, даңғазалыққа, қарсы шырылдаған жан айқайы болатын.

Көрнекті ғалым С.Аманжолов – қазақ тіл білімі топырағындағы үш бәйтеректің бірі. Ғылым саласындағы, филологияға қатысты көптеген еңбектерін жариялад үлгермей, өмірден ерте өтті. Бары 55 жыл ғана өмір сүрді. Ертеректе жазылған еңбектерін қайта қарап, ғылыми методикалық деңгейін көтеру де ойында болғанмен орынданап үлгермеген екен.

Професор С.Аманжоловты аса қызықтырған мәселенің бірі – Қазақстан жеріндегі тау-тастарға жазылған көне жазулар, ру таңбалары болды. 1956 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысында профессор С.Аманжолов қаламынан туған «Бұғытастағы ескі нұсқалар» туралы қызық мақала жарияланыпты.

С.Аманжолов зерттемеген қазақ тіл білімінің саласы жоқ десек артық болмайды. Қазақ тілінің асыл қазынасын ел ортасынан жинау С.Аманжоловтың басшылығымен көп жылдар бұрын басталып, өз жемісін берді. Қазақ тілін зерттеу мәселесімен айналысқан алғашқы экспедициялар 1937 жылдан ұйымдастырыла бастады.

Қазақ диалектологиясы ғылымының тууы С.Аманжоловтың есімімен тығыз байланысты. «Қазақ тілінде диалект жоқ» деген пікір қазақ тіл білімінде барынша үстем болып тұрған кезде С.Аманжолов диалектілік құбылыстарды зерттеуді алғаш рет ұйымдастырып, қазақ тіл тарихын тайпалық тілдердің табиғи болмысымен бірлікті қарастырады. Диалектілердің коғамдық даму сипаты, тілдік айырым белгілері, классификациялық жіктері, тайпалық тілдермен байланысы, ұлттық әдеби тілдің диалектілік негізі сияқты теориялық мәні зор күрделі мәселерге ғылыми тұжырымдар жасады, алғашқы диалектологиялық карта мен диалектологиялық сөздік құрастырды. Осының негізінде қазақ тілі тарихы мен диалектология курсы жоғары оку орындарында оқыла бастады. Қазақ тіл білімінде көпке дейін кенжелеп келген тіл тарихы мен әдеби тіл тарихы, диалектология салаларына жаңа бетбұрыс басталды. Жоғары оку орындарында қазақ тілі тарихы, диалектология курсынан дәріс беретін мамандардың қатары көбейе түсті. Тіл білімі институтында қазақ диалектологиясын зерттейтін арнаулы бөлім ашылды. Өз кезені үшін бұл үлкен женіс еді. Тағы да ғалымның естелігіне үңілсек: «Мен ҚазПИ-ге 1931 жылдың күзінде келе сала, бұлдыр идеяшыларға карсы күрес аштым, олардың бұзық пікірлері және «теорияларына»

академик Маррдың айтқандарын қарсы қойдым. ҚазПИ-дің сол кездегі директоры, оку Халық Комиссариатындағы қарсыластар да менің мұныма алғыс айтқан жоқ, ылғи төмендетіп, шегеріп ұстауға тырысты. Мен олардың арамдығына қарсы 1931 жылдан бастап, өлкелік газет, журнал бетіне мақала жазып тұрдым. ҚазПИ қабырғасында бірнеше рет баяндама жасадым. Әңгіме, әрине, құр айғай болған жоқ, екі түрлі күрделі тіл мәселесінің айналасында болды: 1) қазақ тілінің ғылыми курсын жасау; 2) қазактың әліппе-емлесін дұрыстау, оны 1929 жылғы кемшіліктерінің құрығынан азат ету".

С.Аманжолов 30-жылдары қазақ халқының өскелең мәдениетіне латын алфавиті айтарлықтай дәрежеде қызмет ете алмайтынын іс жүзінде дәлелдеді. Латын алфавиті, сөз жоқ, бұрынғы араб жазуымен салыстырғанда, бір қадам алға басқандық болғанымен, бірақ, орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерді және халықаралық терминдерді қазақ тілінде бере алмады. Сондықтан, орыс алфавитіне көшу ісіне С.Аманжолов белсене қатысты. Осы тақырыпқа арнап бірнеше мақала жазып, өз пікірін жүртшылықтың ортасына салды. 1939 жылы Қазақстан Орталық партия комитеті ұйымдастырған мәжілісте С.Аманжоловтың жобасы қабылданды.

Сәрсен Аманжолұлы 1940 жылы 26-29 тамызда өткен республикалық ғылыми конференцияда жаңа алфавитке көшуге байланысты қазақ тілінің орфографиясы туралы баяндама жасады. Аталған жоба сол жылы 10 қарашада Қазақ ССР Жоғарғы Кенесінің V сессиясында бекіді.

Әрине, ұзак жылдар өтіп кеткен соң ғылымдағы кейбір ой-пікір, ғылыми еңбектерді дәлелдеу күрделі іс екені белгілі. Олай болса, қазақ тілінің академиялық түсіндірме сөздігі, қазақ тілінің қазақша-орысша сөздігі сияқты іргелі еңбектердің бастамасын С.Аманжолов жасағанын ұмытпағанымыз жөн. Жоғарыда аталған бұл еңбектер күні бүгінге дейін ұстаздар мен студенттердің алдында тұратын, күнделікті пайдаланып отыратын ғылыми сөздігі.

Ғылыми мұрасы мен естеліктерін қарап отырсак, ғалым өзінен кеткен кемшіліктерді де дер кезінде қаймықпай қасқайып тұрып мойындаған екен.

Және кеткен кемшіліктерді заман талабына орай түзету үшін қыруар еңбек еткен. Бұның өзі кез келгеннің қолынан келе бермейтін іс.

Ғалым айналысқан қыруар жұмыстардың бір бағыты кадр мәселесі. Сол кездің өзінде ғалым кадр дайындау мәселесіне баса назар аударды. Эр жыл сайын қазақ тілі мен әдебиеті факультеттегі ғылыми кружоктар арқылы 20-30 студентке жетекшілік жасады. Олардың баяндамалар жасауына көмектесті. Он шақты мектеп мұғалім мен ізденушілерге ғылыми басшылық жасап, оларға кандидаттық минимумдар тапсырғызыды. Диссертацияларын аяқтауға жағдай жасады. Сол шәкірттерінің көбі бүгінгі күнде белгілі тіл мамандары, түркологтар екені мәлім.

Ауылды жайланаң қараңғылықпен, саутсыздықпен ғалым қаймықпай күресті. Жастарды ғылым жолына жетеледі. Ол өзінің естелігінде «Ғылыми жұмысқа ынталы он алты тіл маманын дайындағы, оның оны ғылым кандидты атағын алды» - деп, орталық комитетке есеп береді.

Алайда, бүкіл еліміз таныған, әлемдік түркологияда өзіндік орны бар, ғалым есімі күні бүгінге дейін қалтарыста қалып келеді. С.Аманжолов қалдырган ғылыми мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу бағытында, есімін жұртшылыққа кеңірек таныстыру мақсатында, егер, өзі туып-өскен өнірдегі жалғыз мектеп пен университеттегі ғалым есімімен аталатын бір аудиторияны айтпағанда басқа көзге ілінер ештеңе жоқ. Ғалымның сексен жылдығы мен тоқсан жылдығы қарсаңында қабылданған үкімет қаулы-қараптарының бірде-бірі өз дәрежесінде орындалмаған екен. Ғалым еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші де толық жасалмаған. Сондықтан, менің ойымша, ғалымның туғанына 100 жыл толу қарсаңында және одан кейінгі уақытта ғалымнан қалған ғылыми мұраны мектептерде, жоғары оку орындарында жоспарлы түрде оқыту, арнайы бағдарлама жасап, ғылыми еңбектерін арнайы ғылыми семинарларға өзек ету керек. Қажетті деген еңбектерін баспаға ұсыну да кезек күттірмейтін мәселе.

Ойымды қорытсам: С.Аманжоловтың қазақ тіл білімі үшін сіңірген еңбегін бір мақала, бір баяндама көлемінде түгендер айттып беру, әрине, мүмкін емес. Ғылымның аты – ғылым. Оған баратын бастау жолдың өзі де, ғылымның алғашқы баспалдактарындағы ізденіс нәтижелері де бөлек-бөлек әнгіме. Олай болса, аса көрнекті ғалым С.Аманжоловтың ғылыми

шығармашылық өмірбаянының әр беті ғылыми ізденіс-еңбектерге толы жемісті жылдар, ғылымға деген ізденістер деп білуіміз керек.

УДК 809.43.311

Мадиева Г.Б.

КазНУ им. аль-Фараби

ОНОМАСТИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМАТИКА В ТРУДАХ САРСЕНА АМАНЖОЛОВА

Казахская ономастика, получившая свое развитие в 40-50-е годы XX в., в настоящее время прочно занимает свое место как научная дисциплина, благодаря специальным исследованиям ономастов Казахстана (А.Абдрахманова, Т.Джанузакова, Г.Конкашпаева, Е.Койчубаева, В.Н.Поповой и др.). Однако истоки ее становления нужно искать в более ранних трудах известных казахских лингвистов А.Байтурсынова, А.Жубанова, Ж.Доссараева, С.А.Аманжолова, А.Искакова, Г.Г.Мусабаева и др., интересовавшихся ИС и привлекавших их в качестве фактического материала для доказательства того или иного лингвистического положения, касающегося синтаксической структуры, фонетических законов, словообразования, морфологического состава и мн. др. казахского языка. Они посвятили этимологические этюды ряду топонимов и антропонимов, раскрывающие их происхождение и возникновение на территории Казахстана. Разнообразные примеры ономастики, приводимые ими, свидетельствовали о том, что ИС заслуживают более пристального внимания и глубокого, всестороннего изучения.

В настоящей статье хотелось бы обратиться к наследию Сарсена Аманжолова, который по праву считается основоположником казахского языкоznания. В его трудах «получили освещение все кардинальные вопросы казахского языкоznания (алфавит, орфография, терминология, лексикология и лексикография, грамматический строй, история и диалектология,

казахский литературный язык)»¹, которые заслуженно были высоко оценены и в настоящее время не потеряли своего значения не только в отечественной, но и в зарубежной лингвистике.

В работах, оценивающих труды С.Аманжолова, дается научно-аналитический обзор исследований, проведенных ученым, с точки зрения общего, тюркского, казахского языкоznания, особенно, если это касается грамматического строя, лексического состава, в частности, диалектных особенностей казахского языка. Однако его труды не подвергались специальному анализу с позиций ономастики.

В его работах можно выделить несколько проблемных направлений, которые считаются важными для становления казахской ономастики, в частности этнонимики, антропонимики, топонимики:

- проблемы этимологического анализа ИС;
- проблемы образования ИС;
- проблемы мотивации ИС;
- проблемы происхождения казахских (тюрских) родо-племенных названий;
- проблемы диалектных особенностей ИС;
- проблемы перевода и транслитерации иноязычных названий;
- проблемы функционирования ИС в межкультурной коммуникации.

Думается, это не весь перечень проблем, поднимаемый С.Аманжоловым, решение которых способствовало развитию ономастической мысли в Казахстане.

Одной из важных и актуальных проблем как теоретической, так и практической ономастики является правильная транскрипция и перевод национальных и иноязычных названий.

Отметим несколько ключевых моментов в научной деятельности С.Аманжолова, касающихся данного вопроса.

Очень важны замечания С.Аманжолова в отношении перевода ИС. В современной лингвистике слабо изучены закономерности межъязыкового

¹ Калыбаева А.К., Оралбаева Н.О., Нурмагамбетов А. Сарсен Аманжолович Аманжолов // В кн.: С.Аманжолов. Қазақ тілі теориясының негіздері – Алматы, 2002.

переноса, принципы передачи ИС на иностранные языки, в связи с этим возникают разнотечения, неточности в переводе и использовании иноязычных ИС. Эти сложности возникают как при составлении карт, административных источников, путеводителей, переводе иноязычной литературы и т.п. В работах С.Аманжолова, в которых рассматриваются проблемы адекватного перевода лексических единиц разножанровых текстов, можно найти ценные положения, касающиеся перевода ИС. В одной из своих статей (1935) ученый, анализируя переводы, приходит к мнению о том, что необходимо бороться «за чистоту казахского литературного языка», главной ареной этой борьбы является «перевод научно-технических, общественно-политических трудов и художественной литературы». Важно, по его мнению, учитывать «специфические особенности казахского языка», отказ от механического переноса на казахский язык законов русского языка. Как показала практика, это замечание касается не только русского и казахского языков, но и других языков на которые и с которых осуществляется перевод².

Для ономастики ценными являются следующие суждения С.Аманжолова:

- географические названия вообще не следует переводить;
- для перевода физических терминов необходимо использовать богатые ресурсы казахского языка (пространство – **кеңістік**, полуостров — **түбек**, дельта — **атырау**, залив — **шығанак**);
- узаконить правописание слова Алма-Ата в виде Алматы как пишут и произносят казахи;
- вернуть исконный облик географическим названиям, искаженным в годы царизма (Кустанай, Тургай и т.д. на Костанай, Торгай);
- при переводе географических названий нужно знать корень слова (например, Охотское море переводят то как Охот **теңізі**, то как Охот **та теңізі**, или же Карское море - **Карск теңізі** или же **Кар теңізі**);

² Аманжолов С. О языке перевода классиков марксизма-ленинизма // **Қазақ тілі теориясының негіздері.** — Алматы, 2002.

- полностью осуществить принципы перевода и транслитерации географических названий на практике³.

Данные замечания были положены, в свою очередь, в основу проекта Основных положений транскрипции географических названий Казахстана, разработанный сектором географии Казахского филиала АН СССР (1939 – 1 п.л., 1940 – 2,5 п.л.), авторы – С.Аманжолов, П.В.Симонов, О.Р.Назаревский. Основные положения проекта были разработаны с учетом языковой ситуации, сложившейся к тому периоду в Казахстане исторически, а также особенностей структуры казахского и русского языков. Разработка лингвистических основ проекта (правила транслитерации, перевод казахских географических названий на русский язык или с русского языка на казахский), а также общая консультация по вопросам лингвистики, как отмечает О.Назаревский, были проведены С.Аманжоловым.

Работа по созданию этого проекта проводилась очень тщательно, скрупулезно, с научно обоснованной инвентаризацией топонимического материала. Авторы проекта проделали довольно сложный труд, который явился предварительным этапом, необходимым для составления данной инструкции. Подобная работа, как отмечается в теории ономастики, является наиболее существенной и значимой для всех ономастических изысканий, поскольку от того, насколько качественно и полно будет проведена инвентаризация, языковая атрибуция и идентификация топонимов, зависит достоверное и научно обоснованное исследование.

Прежде всего, авторами Проекта был «составлен словник географических названий Казахстана в объеме номенклатурных карт... различных ведомств и годов издания, куда вошли географические названия во всех вариантах; сопоставлены названия географических объектов по разным картам, атласам, справочникам, литературе и т.д., как на русском, так и на казахском языках».⁴ Кроме того, были просмотрены различного рода мно-

³ Аманжолов С. Об основных принципах и языке перевода // Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы, 2002.

⁴ Аманжолов С., Симонов П.В., Назаревский О.Р. Основные положения транскрипции географических названий Казахстана / Проект сектора географии Казахского филиала АН СССР. Машинопись, 1939 – 1 п.л.; 1940 – 2,5 п.л.

гочисленные учебные, справочные, административно-территориальные материалы и источники, которые способствовали точному, адекватному и бережному отношению к транскрипции географических названий.

Авторы проекта учитывали и правильную передачу иноязычных топонимов на казахский и русский языки.

Основу анализируемого Проекта инструкции составили два принципа:

«1. Уничтожение существующего полнейшего разнобоя в начертании географических названий на разных языках и в различных источниках путем тождественного и согласованного написания одинаковых или аналогичных названий и 2. Уничтожение существующих искажений географических названий и максимальное приближение их транскрипции к живому народному произношению с необходимыми исправлениями традиционного (но искаженного) начертания и заменой политически вредных названий»⁵.

Данные принципы есть не суть иное, как принципы унификации, кодификации и стандартизации географических названий, в том числе и исправление транслитерационных искажений, которые изложены в более поздних Инструкциях (1959, 1981) и в новой Инструкции по русской передаче казахских и казахской передаче русских географических названий Республики Казахстан (Алматы, 2002), разработанных Институтом географии, картографии и Институтом языкоznания АН Республики Казахстан. В этих Инструкциях, к сожалению, не упоминается кропотливая и значимая работа С.Аманжолова, П.В.Симонова и О.Р.Назаревского, которая является одной из первых, созданной в Казахстане казахстанскими авторами с учетом национальной специфики.

Интересно отметить, что под положением «замена политически вредных названий», указанного в анализируемом Проекте, подразумевается недопустимость пользования наименований, прославляющих царских чиновников, буржуазных националистов, а также религиозных наименований, наименований неблагозвучных и уничижительных (напр., залив Перовского, с.Столыпино, с. Черняево, Колпаковская МТС, с. Покровка, с. Святодуховка, С.Богословское, дер.Обдериха, с.Собачье, с.Вонявка и др.).

⁵ Там же, с. 1

К основным принципам оформления географических названий, данных в Проекте, относятся:

- слитное начертание составных географических названий за исключением двойных, тройных русских наименований, для которых устанавливается раздельное написание (*Атбасар*, но не *Ат-Басар*, *Тарбагатай*, но не *Тарбага-Тай*, *Каракум*, но не *Кара-Кум*, *Сарысу*, но не *Сары-Су*, *Новоалексеевка*, *Большенарымск*, *Малокрасноярка*, но не *Ново-Алексеевка*, *Больше-Нарымск*, *Мало-Красноярка* и др.);
- раздельное начертание двойных русских названий (*Чистый Яр*, *Третья Пятилетка*, *Лесная Пристань* и др.);
- строгое соблюдение правил русской (или казахской) грамматики;
- взаимосогласованное начертание названий географических объектов, связанных между собой территориально и по значению (с. *Саркан* по р. *Саркан*, а не *Сарканд*, с. *Капал* по р. *Капал*, а не *Копал*, г. *Алматы* по ур. *Алматы* и р. *Алматинка*, а не *Алма-Ата* и др.);
- использование наиболее распространенных и кратких вариантов географических названий (*Аксуская*, *Аксуский*, *Аксуское* и *Аксу*, нужно узаконить *Аксу*);
- стандартное начертание широко распространенных национальных номенклатурных терминов и определительных слов;
- транскрипция (но не перевод) номенклатурных терминов, входящих в состав нерусских географических названий;
- оформление номенклатурных терминов в соответствии с правилами грамматики.

Анализируемый Проект в отдельных разделах дает правила транскрипции нерусских названий на русский язык и правила транскрипции неказахских названий на казахский язык. Так, довольно подробно излагаются правила передачи казахских названий на русский язык, что вполне оправданно, поскольку искажениям подвергались и подвергаются, прежде всего, казахские названия:

- допускается употребление буквы ы в начале слова или после гласных вместо искусственной замены ее другими буквами (и, о, у) (напр., *Ынталы* вм. *Инталы*, *Суыктау* вм. *Сууктау*, *Суоктау*);
- допускается употребление буквы ы после шипящих (*Жыланды*, *Шыбынды* вм. *Жиланды*, *Шибынды*);
- допускается, а часто просто необходимо, употребление ѹ перед гласными (употребление сочетаний тип *йа*, *ий*, *йо*, *йы* вм. *я*, *е*, *и*, *ю* (напр., *Аксуайулы*, *Айаксор*, *Мойынкум*, *Кайынды* вм. *Аксуаюлы*, *Аяксор*, *Кайнды*, *Моинкум* или *Муюнкум*);
- звук ш должен и в русском начертании передаваться через ш, а не через ч (*Ушбулак*, *Шалкар*, а не *Учбулак*, *Чалкар* или *Челкар*) и т.д.

Очень интересна мысль, о том, что названия должны быть переданы в народной форме, т.е. так, как они бытуют на той или иной территории. Данная мысль в полной мере соответствует ономастической универсальной закономерности отражения языковых процессов, диалектных и региональных особенностей в ИС, которые, при их сохранности, позволяют проследить динамику языка, миграцию населения, диалектные черты и др.

Анализируя и сопоставляя данный Проект и последующие Инструкции, составленные современными авторами, можно, в известной степени, утверждать, что С.Аманжолов и его коллеги, являются пионерами в области теории и практики транскрибирования, перевода и передачи географических названий Казахстана соответственно на казахский, русский и другие языки.

УДК 811.161.1.3

Шаймерденова Н.Ж.

КазНУ им. аль-Фараби

ЭПИСТОЛЯРНОЕ НАСЛЕДИЕ С.А. АМАНЖОЛОВА

Среди обширного корпуса источников, требующих особого внимания, анализа и изучения, выделяются источники личного происхождения, вклю-

чающие с одной стороны, мемуары и дневники, с другой – письма. Последние представляют собой уникальный источник фиксации речи, который позволяет закрепить ее во времени и передавать на расстоянии. В этом отношении письма С. Аманжолова, хранящиеся в семейном архиве Аманжоловых, составляют интересное эпистолярное¹ наследие ученого – лингвиста и дают возможность судить о «ментальном коде»² яркой, творческой личности, который заключается в манерах оформления и в содержании писем.

Переписка ученых как форма общения имеет большое значение для филологии, поскольку не только характеризует индивидуальную сущность авторов писем, проявляющуюся во всем содержании и словесном оформлении, но и позволяет характеризовать различные общественные трансформационные процессы. Как отметила в докладе на Международной конференции МАПРЯЛ «Русский язык в социально – культурном пространстве XXI века» Э.Д. Сулейменова: «Историческая русистика Казахстана сделала эпистолярный жанр прошлого не материалом для иллюстрации отдельных (хотя и важных!) процессов происходящих в русском языке ... Тем самым многосторонний подход к исследованию письменного наследия прошлого открывает перспективы подобного изучения ...»³

Среди эпистолярного наследия С. Аманжолова выделяются письма официального содержания – деловая переписка и «личностные» письма к друзьям, близким, родным – частная переписка.

Личная переписка С.Аманжолова,⁴ и в частности письмо к сыну, характеризуется особой индивидуальной эмоциональной окраской, в котором воплощаются чувства и надежды автора – отца и ученого в одном лице.

¹ Эпистолярный от греч. epistole – письмо. В отличие от современного электронного письма – это рукописное письмо.

² От позднелат.mentalis – умственный, франц.code – код.

³ Сулейменова Э.Д. Актуальные проблемы казахстанской лингвистики: 1999-2001. – Алматы: «Арыс», 2001. - с. 38.

⁴ Отдельные письма были опубликованы в журнале «Жалын» № 3, 1986 г. – с. 73-76.

Особого внимания заслуживают официальные письма С. Аманжолова, адресованные известным ученым, руководству института национальной культуры Академии Наук Казахстана, где в этот период он работал.

Официальные письма представляют собой две разновидности:

а) письма, докладные руководству, в которых излагаются просьбы, желания, представлен отчет.

б) письма, адресованные известным ученым, и представляющие собой синтез официального и сугубо личностного письма. Например, письма доктору исторических наук, профессору Александру Александровичу Семенову, профессору, тюркологу Сергей Ефимовичу Малову, профессору Николай Николаевичу Дмитриеву и многим другим.

В этих письмах как бы подчеркивается личностный момент, например, «я лично прошу», «Ваш Аманжолов». Следует отметить, что «личность» проявляется во всех письмах С.Аманжолова: всегда известно лицо, которому оно адресовано, что обязательно находит отражение во всем содержании и словесном оформлении, а также в «эпистолярной рамке» - обращении и завершении письма (концовке), которая, как правило, задает общую тональность письма.

В конце статьи приведем некоторые письма С.Аманжолова, написанные в 1938,1939 годах и хранящиеся в семейном архиве.

Эпистолярное наследие С.Аманжолова еще предстоит изучить в полной мере, поскольку важно обращение к тем письмам, которые хранятся не только в семейном архиве Аманжоловых, но и в архивах Санкт-Петербурга, адресованные друзьям, коллегам, ученым и своим учителям.

Необходимо провести поисковую работу по составлению корпуса рукописных писем С.Аманжолова и его корреспондентов. Обращение к эпистолярному наследию С.Аманжолова еще раз подчеркивает ценность рукописного письма как в плане описания коммуникативного портрета языковой личности казахского языковеда, внесшего значительный вклад в развитие казахстанского языкознания, так и в плане характеристики целой эпохи Казахстана и ее эпистолярной культуры.

Предлагаемые вашему вниманию письма любезно предоставлены его сыном – доктором филологических наук профессором А.С. Аманжоловым.

17 мая 1938 г.

ОГН, № 256

Уважаемый Николай Константинович!

Каз. Филиал Академии Наук в этом году с 1 июля с.г. организует экспедицию в четыре отряда по сбору материалов о языке и фольклоре Казахстана. В каждом отряде будет по три человека. Продолжительность работы 2 месяца. Основная цель экспедиции – диалектологическое и лексикологическое изучение казахского языка.

Известно, что у нас никто не имеет опыта по экспедициям. Поэтому, Филиал обращается к Вам с просьбой приехать к нам на два месяца руководить этими отрядами, планировать, консультировать, инструктировать и т.д. Ставку в 100 рублей, плюс расходы проездные и квартирные обеспечиваем.

На проведение этой экспедиции выделено 23 000 рублей. О сроках вашей работы будем договариваться с Вашим приездом в Алма-Ату. Однако просим приехать к 10-15 июня с.г., чтобы до начала работы Вы смогли бы подготовить членов экспедиции.

О согласии принять на себя руководство и о дне выезда из Москвы сообщите телеграфно.

Зав. сектором языка и литературы С. Аманжолов

26 февраля 1939 г.

Институт языка и мышления АН СССР им. Марра.

Профессору С.Е. Малову

г. Ленинград

Сектор языка Каз. Филиала Академии Наук при этом посыпает Вам рукопись «Грамматика казахского языка (фонетика и морфология)», составленную т.т. Аманжоловым, Кенесбаевым и Е. Кротевичем для литературно-лингвистических факультетов вузов, - на Ваше редактирование. Желательно, чтобы Ваш отзыв одновременно был бы предисловием данной книги.

Приложение: указанная рукопись на 209 страницах.

Ученый секретарь КФАН А.А. Савченко

Зав. сектором языка С. Аманжолов

Уважаемый Александр Александрович!

Ваше письмо с ответом на наше приглашение получено. Сожалеем, что в этом уч. году Вы не могли читать у нас лекции. Но мы надеемся, что не откажете (сентябрь-октябрь).

Я лично прошу Вас не отказать в любезности сообщить какие рукописи и печатные труды имеются в публ. г. Ташкента, которые необходимо использовать для истории среднеазиатских языков тюркской системы, в том числе казахского языка начиная с XIV века по XIX век включительно.

Особо сообщите, что из себя представляет рукопись Рузбихана.

Ваш С. Аманжолов

Зав. кафедрой каз. языка КазГоспединсгиута,
г. Алма-Ата, Красина, 47, кв, 8.

1939 г.

УДК 811.512.122'37

Авакова Р.А.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

С.АМАНЖОЛОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛМІНІң СЕМАСИОЛОГИЯ ТЕОРИЯСЫ

Тіл ғылымының көрнекті өкілі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойы республика көлемінде аталып өтуде. Қазақтың қара шаңырағы, білім мен ғылым ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет осы тойдың көш бастаушысы ретінде 2003 жылдың 18-19 маусым аралығында «С.А.Аманжолов және қазақ тілі теориясының негіздерінң атты ғылыми-теориялық конференция» еткізді. Конференцияға Қазақстанның барлық оку орындарынан 130-ға жуық ғалымдары катысып, проф. С.Аманжолевтың еңбегі мен қызметі, ғалымның ғылыми концепциялары мен теориялық бағыттары туралы баяндамалар жасалынды. Конференция материалдары әл-Фараби атындағы Қазақ

ұлттық университеті Хабаршысының екі номерінде жарық көрді [4]. Тындалған баяндамалар мен хабарламаларды сараптай келіп, проф. С.Аманжолов қалам тартпаған, ол кісі көтермеген қаза тіл білімі проблемасы жоқтың қасы екеніне көз жеткіздік. Атап айтсақ, жалпы тіл білімі және казак тіл білімінің мәселелері, тіл тарихы мен диалектология, ономастика, түркітану проблемалары, алфавит, орфография, терминология, лексикология, лексикография, фразеология, морфология және синтаксис, қазак тілі тарихы мен әдеби тіл, мектеп оқулықтары мен олардың бағдарламалары, аударма теориясы, интонология, әлеуметтік лингвистика және тіл саясаты, тіл және әдебиет, тіл және фольклор, тарих, археология, этнография және т.б. ҚазҰУ Хабаршысында проф. А.С.Аманжолов дайындаған, тек қолжазба түрінде сакталған 1949 жылы жазылған ғалымның «Морфология мәселелері атты мақаласы жарияланды [2; 3-7].

Лингвистиканың зерттеу нысаны - сөз. Адамзаттың қарым-қатынас құралы болып табылатын тіл, оның табиғаты, қолданыс аясы мен тарихы, этимология мен мотивологиясы әрқашан да тілші ғалымдарды қызықтырған. Тіл құпиясы адамзат құпиясымен байланысты болғандықтан, олардың сырын ашу, ғасырлар қойнауындағы жұмбактар сырын ашуға жол ашады. Тіл құдіретін, оның табиғатын түсіне, сезіне білген адам - рухани дүниесі бай, мәдениеті жоғары адам болмақ. Осындай тұлғалы ғалымдар санатына ғалым, ұстаз, жар, әке, қоғам қайраткері С.Аманжолов та жатады. Ғалымның лингвисткалық концепциялары қазак тілінің семсиология теориясының алғышарттарын жасауымен де толығатыны сөзсіз.

«Семасиология - тек жеке лексемаларға ғана тән құбылыс емес, ол, біле білсек, жеке дыбыстардан (фонемадан) бастап, морфема-лексема-сөз тіркесі-тұрақты сөз бірліктерінің бөрін түйреп өтетін, тілдің барлық деңгейінде, саласында міндетті түрде болатын құбылыс-, деген ғалымдар пікірін басшылыққа алатын болсақ, проф. С.Аманжолов еңбектері осының айғағы болмақ [5;18]. Кең көлемде семасиология (грек. semasia - мағына, мән + logia - ілім) сөз мағынасын, олардың қарым-қатынасы мен дамуын, тіл мағыналары теориясын зерттейтін тіл білімінің саласы. Сонымен қатар тарихи семасиология сөз этимологиялары мен тарихын да зерттейді.

С.Аманжоловтың 1954-1957 жылдары өз қолымен толтырған ғылыми есебіне көңіл аударсак (ғылыми есебі А.С.Аманжоловтың дайындығымен

алғаш рет жарық көрген «Научная и организационная деятельность (из отчетов пятидесятых годов) // Вестник КазНУ, серия филол. № 4 (66). - Алматы: «Қазақ университеті, 2003 алынды), семасиологияның теориялық және практикалық алғышарттарын жасап кеткеніне көз жеткіземіз:

- сөздіктер құрастыру және терминологияның принциптерін жасау;
 - қазақ тілі диалектілерінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеу және қазақ диалектологиясының негізін салу;
 - қазақ тілі тарихының негізігі мәселелері мен әдеби тіл теориясын зерттеу;
 - марксизм-ленинизм еңбектерін қазақ тіліне сапалы аудару мәселелері;
 - қазақ ауыз әдебиеті мәтіндерін жинау және бастыру;
 - Қазакстан тарихы туралы мәселелерді зерттеу;
 - Москвада жарық көретін үлкен қазаша-орысша сөздікті құрастыруға катысуы;
 - қазақ тілі диалектілері бойынша төмендегідей мәселелер қамтылатын монографияны жарыққа шығару:
1. Қазақ тілінің пайда болуы;
 2. Қазақ тіліндегі диалектілердің қалыптасуы;
 3. Диалектілердің қазақ тіліне қатысы;
 4. Әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуы;
 5. Жеке диалектілерді сипаттау және
 6. 10 000 сөзді қамтитын қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін құрастыру [1; 7-8].

Ғалымның ғылыми есебі осы аталғандармен шектелмейді. Төрт жыл аралығында жасалған еңбектері, ғылыми мақалалары, ғылыми-педагогикалық мұрасы мен шәкірттері туралы жазылған С.Аманжолов мұрасы ғалымның еңбектерін қазіргі заман түрғысынан қайта қарап, тағы да зерттеулерді талап етеді. С.Аманжоловтың тілдік саясат туралы көзқарастарына ғылыми талдау жасай келіп проф. А.Салқынбай мынандай ой тастайды: «С.Аманжолов семасиология мәселелеріне терең тоқталады. Семасиологияның ғылым ретінде қалыптасуын Марр есімімен байланыстыра отырып, сөздің даму жолын көрсетеді... Ғалымның үтқаны - Марр

теориясын айта отырып, қазақ тілінің лексикология, семасиология мәселелеріне қатысты теориялық ойларын жеткізуі. Автор «Қай ұлттың болса да, тіл байлығы - сол ұлттың тарихи айнасы. Өйткені сөздің бәрі - сананың көрінісі. Сондықтан әрбір сөз тарихтың дерегі болады- деп нақты теориялық тұжырым жасайды. Демек, ғалым сөздің халық танымымен тікелей байланысты қарастыратынын, тілдің когнитологиялық аспектісін ашып көрсетіп отыр деп бағалаймыз [6; 35]. Қазіргі лингвистика ғылымындағы антропоцентристік ілім тілді сол заман түрфысында, адами концептіде қарауға бетбұрыс жасауда. Тек қазақ тіл теориясын қалыптастыруши ғалым ретінде ғана емес, С.Аманжолов түркология саласын дамытушы түркітанушы ғалым ретінде де танылуы міндепті деп ойлаймыз. Осы түрфыдан профессор Н.К.Дмитриев С.Аманжоловтың докторлық диссертациясына жоғары ғылыми баға бере отырып былай деп жазады: «С.Аманжолов еңбегі қазақ тіл біліміндегі ұлкен оқиға болып табылады, өйткені ол - қазақ диалектология саласындағы бірінші терең ғылыми зерттеу. Диссиденттың сіңірген ұлкен еңбегі - қазақ совет тілі білімі түрфысынан орасан зор материалмен қазіргі қазақ тілінде диалект жоқ деген жалған, ғылымға қатысы жоқ және зиянды пікірге соққы берді... С.Аманжоловтың еңбегі тек қазақ тілшілері үшін ғана есем, сонымен қатар бүкіл түркологтар үшін де бағалы [3; 16].

Автордың «Вопросы диалектологии и истории казахского языка еңбегі қазіргі таңда қазақ диалектологиясының энциклопедиясы болып табылады. XX ғасырдың 80-ші жылдары кең құлаш жая дамыған этнолингвистика, лингвистикалық мәдениеттану ғылымдарының аспектісінде жазылған бұл еңбекте С.Аманжолов қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді саралап қана қоймай, диалектология мәселесін қазақ халқының тарихымен, этнографиясымен, мәдени мұрасымен, әдет-ғұрып, салт-санасымен, жалпы менталитетімен тығыз байланыста қарастырып, терең лингвистикалық талдаулар жасаған.

Тіл - мәдениеттің феномені, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде ғылымда әлі де зерттелмей келгенін ескерсек, С.Аманжоловтың ғылыми мұраларын зерттеу, толықтыру, түрлі аспектілерде лингвистикалық талдаулар жасау тілші ғалымдарының негізгі міндепті болмақ. Тіл - рухани құш

десек, тілге де, сол тілді зерттеген ғалымға да адамзат өз заманы тұрғысынан көзқарасын білдіріп, ойын айта алады.

ӘДЕБИЕТ

1. Аманжолов С. Научная и организационная деятельность (из отчетов пятидесятых годов). - Вестник КазНУ им. аль-Фараби. - Серия филол, №4 (66). - Алматы: Қазақ университеті, 2003. С. 7-14.
2. Аманжолов С. Морфология мәселелері. - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы. - Филол. сериясы, №4 (66). - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 3-7 б.
3. Әбдірахманов А. Профессор А.С.Аманжоловтың өмірі мен ғылыми мұрасы туралы. - Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. - Алматы: Ғылым, 2002. - 10-19 б.
4. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы. - Филол. сериясы, №4 (66). - Алматы: Қазақ университеті, 2003; №5 (67). - Алматы: Қазақ университеті, 2003.
5. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. - Алматы: Атамұра, 2000. - 18 б.
6. Салқынбай А. Саясат және тіл теориясы. - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы. - Филол. сериясы, №4 (66). - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 34-36 б.

УДК 81175127122`33

Момынова Б.К.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ПРОФ. С.АМАНЖОЛОВ КОЛДАНҒАН ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР

Жаңаша ойлауға жетелеген бүгінгі дәуірдің өткенге баға берумен сабактастықта зерделенгені қажет-ак. Сондықтан қазақ тіл білімінің теориялық негізін салуға атсалысқан алдыңғы лектегі ғалымдардың белді өкілдерінің бірі проф. С.Аманжоловтың артына қалдырған мол мұрасының

теориялық, практикалық мән-манзызын әр қырынан жарқырата ашып беру бүгінгі ұрпақтың сындарлы міндеттерінің бірінен саналады.

Тіл тарихынан бастап грамматиканың күрделі мәселелері туралы маңызы аса зор ізденістерді дүниеге әкелген проф. С.Аманжоловтың терминология саласына қатысты ой-пікірлерінің бүгінгі таңдағы қазақ терминологиясының бағытына, дамуына тигізген әсері көп.

Терминология, термин мен нормаға қатысты фактілерді ғалымның осы тақырыпқа арнайы жазған макалаларынан ғана іздестіру жеткіліксіз, оларды алуан тексті ғылыми мұраларының қай-қайсысынан болмасын жинастыруға болады. Әйткені, біріншіден, ғалым жазып-сyzған кезеңде әдеби тілді жетілдіру шарапарының термин, емле, практикалық оку құралдарын даярлау, өз түйін-тұжырымдарын практикалық істәжірибесінде пайдалану арқылы өзгеге үлгі ету сияқты нақты істермен бірліктे қарастырылғаны белгілі. Сондықтан С.Аманжолов әдеби тілді жетілдіру идеясына әліппеге, жазу емлесін тұрақтандыруға, терминге байланысты өзіндік көзқарастарын айқын білдіруді ұштастыра отырып, нақты зерттеулер арқылы қол жеткізген деп білеміз.

Екіншіден, кез келген терминдік жүйе белгілі бір теорияның негізінде қалыптасады. Яғни С.Аманжолов қолданған терминдердің өзгелерден немесе қазіргі қолданыста жүрген терминдерден айтарлықтай айырмашылықтары байқалса, ол ғалымның теориялық өзіндік топшылаулары мен айрықша тұжырымдары болуымен тікелей байланысты.

Қазақ терминологиясын сөз еткенде, терминология проблемасының тууына, жасалуына, қалыптасуына тікелей атсалысқан А.Байтұрсынов, К.Жұбанов есімдерін ауызға алатынымыз белгілі. Егер К.Жұбанов терминология мен орфография мәселелерін диалектілік бірлікте қарастырса, С.Аманжолов әдеби тілдің нормалануы мен терминологияның дамуын аударма принциптерінің қалыптасуымен біртұтастықта алғып қарастырган. Бұл пікірімізге “Қазақ тілін нақтылы әдебиет тілі етелік”, “О языке перевода классиков марксизма-ленинизма”, “Қазақтың әдеби тілі”, “Қазақ тіліндегі ғылыми терминология мен аударма мәселесі туралы”, “Об основных принципах и языке перевода” атты макалалары дәлел бола алады.